

"Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясы" жабық акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 19 науыздағы N 53

1. "Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясы" жабық акционерлік қоғамы:

Ақмола қаласында биіктігі кемінде 40 қабат Бизнес-Орталық ғимаратын жобалау мен салу жөніндегі тапсырысшы болсын;

Бизнес-Орталық ғимаратының құрылысы аяқталғаннан кейін олардың аудандарға деген мүдделерінің барынша қанағаттандырылатынын есепке ала отырып, отандық және шетел инвесторларын қаржыландыруға кеңінен тарта отырып Бизнес-Орталықтың үйін жобалау мен салуды қаржыландырудың көздерін белгілесін;

Ақмола қаласында Бизнес-Орталықтың ғимаратын жобалау мен салу жөніндегі мердігерді қала құрылысы және сәулет саласындағы танымал отандық және шетел заңды тұлғаларын тарта отырып, конкурс негізінде бір ай мерзім ішінде белгілеп, кейін тиісті келісім-шарт жасассын. Конкурсты қорытындылаған кезде негізгі өлшемдер болып мыналар белгіленсін: жобаның, құрылыстың құны, салу мерзімдері және сәулеттік-жоспарлау шешімдері;

Бизнес-Орталықтың ғимаратын жобалау мен салу бойынша жеңімпазды анықтау жөніндегі конкурстық комиссияның құрамына Ақмола қаласы әкімінің өкілін енгізсін.

2. Ақмола қаласының әкімі:

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамына тұрақты жер пайдалану құқығына мемлекеттік актіні бере отырып, он күн мерзім ішінде Бизнес-Орталықтың ғимаратын салуға жер учаскесін бөлсін;

инженерлік коммуникацияларды салу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға үлестік қатысу жөнінде шаралар қабылдасын;

Бизнес-Орталық ғимаратын инженерлік коммуникациялармен (электр энергиясы, су, канализация, байланыс және басқалары) қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шарттарды берсін;

3. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы Ақмола қаласындағы Бизнес-Орталық ғимаратын қоса қаржыландыру мен салуға қатысатын инвесторлармен келісім-шарттар жасассын.

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Ақмола қаласындағы Бизнес-Орталық ғимаратын қаржыландыру мен салуға қатысатын инвесторлармен заңдарда көзделген жеңілдіктерді беруді көздейтін инвестициялық келісім-шарттарды заңдарда белгіленген тәртіппен жасассын.

П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК